



# EGEMEN QAZAQSTAN

№172 (30151) 13 ҚЫРКҮЙЕК, ДҮЙСЕНБІ 2021 ЖЫЛ

Жүз жылдық жиынама

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

## Тығыз ықпалдастық орнатуға ниетті



Суреттер: тілшілер А.ДҮЙСЕНБЕК, Ғ.ОМІРБЕКОВ

Мемлекет басшысы елімізге ресми сапармен келген Солтүстік Македонияның Сыртқы істер министрі Буяр Османиді қабылдады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Буяр Османиге ілтипат білдіре отырып, екі ел арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін беру тұрғысынан оның бұл сапарының маңызы зор екенін атап өтті.

– Біздің елдеріміз өзара іс-қимылдарды, атап айтқанда, сауда, инвестиция салаларындағы қатынастарды және гуманитарлық байланыстарды нығайту үшін зор мүмкіндіктерге ие. Сондықтан мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастықты дамыту үшін бар әлеуетті пайдалану керек. Сондай-ақ халықаралық ұйымдар аясында да тығыз ықпалдастық орнататын деген үміттеміз, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тетово қаласындағы коронавируспен ауырған науқастар емделетін ауруханада болған өрт салдарынан қаза тапқан адамдардың

отбасыларына көңіл айтты. Кездесуде Мемлекет басшысы Ауғанстандағы ахуалға ерекше назар аударды.

– Ауғанстанға қатысты ұстанымымыз айқын. Халықаралық қоғамдастықтың осындай бетбұрыстар кезінде Ауғанстаннан іргесін аулақ салмай, аталған елге көмек беріп, қолдау көрсетуі қажет деп есептейміз. Біз Ауғанстанның уақытша жаңа үкіметін инклюзивті, барлық этностық топтар мен қоғамдық-саяси күштердің мүддесін құрметтейді деп үміттенеміз. Қазіргі Ауғанстан үкіметі адам құқықтарын, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі міндеттемелерін орындап, халықаралық қауымдастықты жаһандық және аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылыққа қауіп төндіретін терроризмнің, заңсыз есірткі

айналымының таралуынан және басқа да қиындықтардан қорғау үшін нақты шаралар қабылдайтынына үміт артамыз. Сонымен қатар Қазақстан үкіметі Ауғанстан үкіметімен конструктивті іскерлік байланыстарды, әсіресе сауда және гуманитарлық ынтымақтастық салаларындағы қатынастарды орнатуға дайын. Өйткені бұл салалар бойынша екі ел арасында дәстүрлі тығыз байланыс бар, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ауғанстанда тұратын қазақстандықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды екенін тоқталды. Ол Буяр Османиге Қазақстан азаматтары мен этностық қазақтарды өз Отанына қайтару жөнінде, сондай-ақ әлемдік қоғамдастықтың халықаралық ұйымдар қызметкерлерін, оның ішінде БҰҰ-ның Ауғанстанға көмек беру жөніндегі миссиясын эвакуациялау жұмыстарына көмектесу жөнінде қабылдаған шаралары туралы айтты.

(Соңы 2-бетте)

## Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету маңызды



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаевты қабылдады, деп хабарлады Мемлекет басшысының баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысы Ұлттық банк төрағасының биылғы 8 айда ақша-кредит саясатын іске асырудың алдын ала қорытындысы жөнінде, сондай-ақ әлем экономикасының қайта қалпына келу барысында инфляциялық қатердің күшейе түскені туралы есебін тыңдады.

Президентке Үкіметпен бірлесіп бекітілген инфляцияға қарсы шаралар мен оны жүзеге асырудың негізгі бағыттары,

сондай-ақ биылғы инфляцияның жаңартылған болжамдары туралы баяндалды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа халықтың табысы мен тұтыну деңгейінің артуына ықпал ететін Қазақстандағы экономикалық белсенділіктің арта түскені жөнінде және Президенттің дағдарысқа қарсы бастамаларын іске асыру барысы туралы мәлімет берілді.

Бұдан бөлек Мемлекет басшысына Қазақстанның жалпы халықаралық резервтерінің биылғы 8 айда 93,7 миллиард долларға дейін ұлғайғаны және Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің 2,3 миллиард долларға дейін өскені туралы алдын ала деректер ұсынылды.

Кездесу қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев инфляцияның монетарлық емес факторларын төмендетуге және халықаралық нарықтардағы құбылмалылықтың арту жағдайында қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге баса мән беруді тапсырды.

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ С.А.Брекешевті тағайындау туралы

Серікқали Аманғалиұлы Брекешев Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті К.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 10 қыркүйек № 657

### ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Берік Мәжитұлы Имашев Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы лауазымына тағайындалды.

\*\*\*

Мемлекет басшысының Жарлығымен Серікбай Өтелгенұлы Трұмов Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болып тағайындалды.

### Серікқали Аманғалиұлы БРЕКЕШЕВ



1972 жылы туған. Ақтау политехникалық институтын Тау-кен инженері мамандығы бойынша аяқтаған.

Еңбек жолын 1995 жылы «Қазақстан-Ресей сауда үйі» БК экономисі болып бастады. 1995-1997 жылдары «Қазақстан-Ресей сауда үйі» БК бас директорының орынбасары болған.

Атырау қаласы бойынша Салық бөлімінің инспекторы қызметін атқарды. «Қарақұдықмұнай» ЖАҚ инженері, мұнай өндіру жөніндегі мастері, өндіріс менеджері болып жұмыс істеген.

2007-2014 жылдары Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар, Мұнай және газ министрліктерінде басшылық қызметтер атқарған.

2015-2020 жылдары – «ҚазТрансГаз» АҚ-да директор, техникалық саясат департаментінің басқарушы директоры, бас директордың техникалық саясат жөніндегі орынбасары болды.

2020 жылғы наурыздан бастап Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі.



## Отбасы күнімен құттықтады

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев өзінің Twitter-дегі парақшасы арқылы барша қазақстандықтарды Отбасы күнімен құттықтады.

«Баршаңызды Отбасы күнімен құттықтаймын! Бұл мерекенің Отанымыз үшін маңызы айрықша. Бақытты әрі берік

шаңырақ – еліміздің игілігі мен өркендеуінің кепілі. Мемлекет отбасы институтын қолдап, осы салада кешенді саясат жүргізе беретін болады», делінген Twitter-дегі жазбасында.

### ЖОЛДАУ ЖҮПІ

## Ғылымды дамытудың қадамдары

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында ғылым саласындағы түйткілдердің түйінін тарқату үшін «Ғылым туралы» заңға өзгерістер енгізуді тапсырды. Ғылым саласы даму үшін заңға қандай өзгерістер енгізу керек? Бұған қоса Президент жетекші ғалымдарымызға тұрақты және өз еңбегіне лайықты жалақы төлеу мәселесін шешуді міндеттеді. Жауапты ведомство мұны қалай орындамақ? Сондай-ақ Жолдауда ғылым саласын гранттық қаржыландыру мерзімін бес жылға дейін ұзарту мәселесін қарастырған жөн екені айтылды. Оның ғалымдарға, ғылымға қандай пайдасы бар?

### Айдана ШОТБАЙҚЫЗЫ, «Egemen Qazaqstan»

Міне, осы және өзге де өзекті мәселерге сала мамандары және жауапты өкілдер арқылы жауап іздеп көрдік. Білім және ғылым министрлігіне қарасты Ғылым комитетінің басшысы Жанна Құрманғалиева Жолдаудағы мәселелерді ғалымдардың көп жылдан бері айтып келе жатқанын жеткізді: «Президенттің Жолдауы ғылыми қауымдастықтың арасында

үлкен қолдауға ие болып отыр. Өйткені Жолдаудағы мәселелер ғалымдар тарапынан қаншама жыл бойы айтылып, көтеріліп келе жатыр. Бұл қандай түйткілдер? Біріншіден, ғалымдар жалақысының тұрақсыздығы. Бүгінде ғалымдар жалақыны институт директоры болмаса, тек қана конкурс арқылы ғана алады. Былтырға дейін конкурстар 3 жылда бір рет қана өткізілетін. Сондықтан ғылыми қызметкер болғанымен, ғалым конкурста жеңбесе, 3 жылға дейін ғылымнан да,

институттан да қол үзуге мәжбүр болатын. Мұның себебі қазір қолданыстағы «Ғылым туралы» заңға сәйкес базалық қаржыландыру көлеміне тек әкімшілік және техникалық қызметкерлердің жалақысы және ғимаратты ұстау шығындары кіреді. Осы жағдайды өзгерту үшін Мемлекет басшысы базалық қаражат есебіне жетекші ғалымдардың жалақысын енгізуді тапсырды. Екіншіден, Жолдаудағы ғалымдардың назарын өзіне аударғаны – ғалымдардың еңбегіне лайықты жалақы төлеу мәселесі. 2020 жылды алатын болсақ, ғалымдардың орташа еңбекақысы 152 мың теңгені құрады. Сондықтан қазір біз Президенттің Жолдауда айтқан тапсырмасына сәйкес қолданыстағы заңға өзгерістер енгізу бойынша Қаржы министрлігімен және басқа да тиісті ведомстволармен бірлескен жұмыстарды бастадық», деді Ж.Құрманғалиева.

(Соңы 4-бетте)

### ӨНЕР

## Қарышта, қазақ киносы!

Қазақ киносы — қазақтың өткен ғасырдан бергі сан тарау тарихын алтын қорымызға түгел таспалап, жас ұрпақты жасампаз рухта тәрбиелеп келе жатқан ел руханиятының ең үлкен тірегі. Жалпы, кино саласы, оның түрлі тармақтары кез келген мемлекеттің идеологиялық басты құралы екені шындық. Ертенгі ұрпақ тәрбиесі экранға тікелей байланысты. Сол ретте қазақ киносы Алаш баласы жүріп өткен өнегелі жолды келешек жас буынға түрлі жанрда оң насихаттап келеді.

### Мирас АСАН, «Egemen Qazaqstan»

Қазақ киногерлерінің кәсіби мерекесі тұсында біз осынау маңызды саланың майталмандары атқарып келе жатқан елеулі істерді санамалап өткеніміз дұрыс. Ғасырға жуық уақыт бұрын отандық фильмдеріміз өз көрермендеріне алғаш жол тарта бастады. Айталық, 1938

жылы түсірілген «Амангелді» фильмі біздің алғашқы кино өнімдеріміздің бірі. Ресейлік «Ленфильм» киностудиясы таспалаған «Амангелдінің» сценарийі өзімізде жазылса, рөлдерді отандық актерлер сомдап шыққан болатын. Жалпы, қазақ киносының тарихын бұдан да әрі бастауға болады.

(Соңы 7-бетте)

### Терроризмге қарсы іс-қимылдарды қолдайды



2001 жылы 11 қыркүйекте Нью-Йорк қаласында болған террорлық актіден қаза тапқандарды еске алу күніне орай Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның терроризмге қарсы күрес жөніндегі жаһандық іс-қимылдарды қолдайтынын нақтылады. Бұл туралы Мемлекет басшысы өзінің Twitter парақшасында жазды.

«Бүгін біз де бүкіл әлемді дүр сілкіндірген АҚШ тарихындағы ең қарлы күндердің бірі – 2001 жылдың 11 қыркүйегіндегі террорлық акт құрбандарын еске аламыз. Жалпы, адамзатқа қарсы жасалған осы жантушігерлік оқиға бүкіл әлемдегі миллиондаған адамдардың жадында берік сақталған.

Қазақстан әлемдік қоғамдастықтың терроризмге қарсы іс-қимылдарын түбегейлі қолдайды. Қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету – Қазақстан стратегиясының және АҚШ-пен стратегиялық серіктестігіміздің негізгі ұстанымы», делінген Мемлекет басшысының жазбасында.

### Күн тәртібі нақтыланды

Мәжіліс Спикері Нұрлан Нығматулиннің төрағалығымен Палата бюросы өтіп, онда алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды, деп хабарлады Мәжілістің баспасөз қызметі.

Бюро отырысында депутаттар қарауына баланың құқықтарын қорғау мәселелеріне қатысты заң жобасын бірінші оқылымда қарау ұсынылды.

Заң жобасы балалардың мүддесін қорғау мақсатында депутаттардың бастамасымен әзірленді.

Құжат балалар мүддесі үшін заңнаманы жетілдіру, сондай-ақ Бала құқықтары туралы

конвенцияның ережелерін Қазақстан Республикасының орындауы туралы төртінші кезеңдік баяндаманы қорғау қорытындылары бойынша БҰҰ Бала құқықтары жөніндегі комитетінің ұсынымдарын іске асыру мақсатында және «Балаға мейірімді Қазақстан» атты екі халықаралық конференцияның қорытындылары бойынша дайындалған ұсынымдар шеңберінде әзірленді.

Аталған заң жобасында сәйкес қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылық туралы және еңбек кодекстеріне, сондай-ақ тағы басқа да бірқатар заң жобаларына түзетулер енгізілуі ұсынылады.

Сонымен қатар, күн тәртібінің жобасында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару денгейлері арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын екінші оқылымда қарау ұсынылмақ.

### Тығыз ықпалдастық орнатуға ниетті

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өз кезегінде Буяр Османи кездесуге мүмкіндік бергені үшін Мемлекет басшысына алғыс айтып, екі ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында жасаған сапарының символдық мәні бар екенін атап өтті. – Менің Қазақстанға сапарым біздің мемлекеттер арасындағы қарым-

қатынастарды жаңа белеске шығарады деген сенімдемін. Біз екіжақты байланыстарды тереңдетуге және нығайтуға мүдделіміз, – деді македониялық дипломат.

Кездесуде Ауғанстан бағыты бойынша халықаралық әдістерді жұмылдыруда БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің басымызға не екенін атап өтілді.

### Министрдің кандидатурасын келісті

Мәжілістің Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің отырысында депутаттар Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі қызметіне тағайындау үшін Серікқали Брекетешевтің кандидатурасымен келісті, деп хабарлады Палатаның баспасөз қызметі.

Келісім «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 22-1-бабына сәйкес комитет отырысында қаралды.

Мәжілісте енгізілген министрлерді келісу рәсіміне сәйкес Серікқали Брекетешев депутаттардың сұрақтарына жауап беріп, жұмысты ұйымдастыру туралы өзінің көзқарасын айтты. Отырыста Мәжіліс депутаттары ең

алдымен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қоршаған ортаны қорғау, экологиялық қауіпсіздік мәселелері аса маңызды бағыттарының бірі екенін атап өтті.

Сонымен қатар депутаттар ұлттық жобаларды, соның ішінде су ресурстарын басқару жөніндегі жобаларды іске асыру туралы сұрақтар қойып, өз кезегінде Серікқали Брекетешев оларды іске асыру тетіктері, сондай-ақ су саласын реформалау, цифрлы және су үнемдеу технологияларын енгізу жөніндегі

жоспарлар туралы айтты. Бұдан басқа, министрліктің геологиялық барлау саласын дамыту жөніндегі ұсыныстары туралы да баяндалды.

Нәтижесінде, комитет отырысы бойынша тиісті қорытынды әзірленді. Құжатта Мәжілістің Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті Серікқали Брекетешевтің кандидатурасын қарастырып, оны Экология, геология және табиғи ресурстар министрі лауазымына тағайындау үшін ұсынуға болады деп санайды.

### Жаңа министрді таныстырды



Қазақстан Премьер-Министрі Аскар Мамин Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ұжымына жаңа басшы Серікқали Брекетешевті таныстырды, деп хабарлады Үкімет басшысының баспасөз қызметі.

Үкімет басшысы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің алдына жаңа Экологиялық кодексті тиімді іске асыруды қамтамасыз ету, Төмен көміртекті даму тұжырымдамасын дайындау, орман қорын ұлғайту, су ресурстары мен балық шаруашылығын басқару жүйесін одан әрі дамыту

бойынша маңызды міндеттер қойылғанын атап өтті.

«Мемлекет басшысы Ұлттық геологиялық қызметті құруды тапсырды. Геологиялық барлауды дамытуға және жер қойнауын кешенді зерттеуге, геологиялық ақпараттың ашық цифрлы базасын құруға ерекше назар аудару қажет», деді А.Мамин.

Серікқали Брекетешев 1972 жылы 14 қазанда Павлодар қаласында дүниеге келген. 1995 жылы Атырау политехникалық институтын «Мұнай және газ кен орындарын игеру» мамандығы бойынша бітірген.

Түрлі жылдары энергетика және минералдық ресурстар, мұнай және газ министрліктерінде, «ҚазТрансГаз» АҚ-да басшылық қызметтерде жұмыс істеді. 2020 жылдың наурыз айынан бастап Қазақстанның экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі қызметін атқарды.

### Контрабандаға қарсы іс-қимыл мәселелері қаралды

Бас прокурор Ғизат Нұрдәулетовтің төрағалығымен Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі Үйлестіру кеңесінің отырысы өткізіліп, онда экономикалық контрабандаға қарсы іс-қимыл мәселелері қаралды. Оның жұмысына Үйлестіру кеңесінің мүшелері, облыстардың прокурорлары, құқық қорғау, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың басшылары қатысты.

Отырысты аша отырып, Бас прокурор экономикалық контрабанда мемлекетке елеулі залал келтіретінін, отандық бизнес үшін тең емес бәсеке тудыратынын атап өтті. 5 жыл ішінде республика бойынша кеден саласында 700-ден аса қылмыс-

тық құқық бұзушылық тіркелген.

Кеңесте Қаржы мониторингі агенттігі мен Мемлекеттік кірістер комитетінің қабылдап отырған шаралары туралы баяндамалар тыңдалды.

Шетелдік мемлекеттермен

ақпарат алмасу, ішкі нарықты заңсыз импорттан қорғау және кедендік бекеттерді техникалық жақсартылу мәселелері талқыланды.

Ғ.Нұрдәулетов «Қазақстанда көліктің шекарада орынсыз тұрып қалу фактілерін болдырмай, қабылданып отырған шаралар адал бизнес үшін кедергі келтірмеуі керек» деп атап өтті.

Іс-шара қорытындысымен Үйлестіру кеңесінің мүшелері шекарадағы заңсыз сауда айналымына қарсы күрес бойынша ұсынымдар берді.

«Егемен-ақпарат»

### 10 күн ішінде 612 өтінім берілді

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Президенттік жастар кадр резервіне кезекті іріктеу жүргізілуде. Бұл жоба жас қазақстандықтарға өз білімдері мен дағдыларын ел игілігі үшін қолдануға бірегей мүмкіндік береді.

Резервке алынған адамдар саяси лауазымдарға, «А» корпусының әкімшілік лауазымдарына, «Б» корпусының басшы лауазымдарына және «Б» корпусының А санаты тобының лауазымдарына тағайындалуы мүмкін.

1 қыркүйектен бастап 612 қазақстандық қатысуға өтінім берілді. Құжаттарды қабылдау 2021 жылдың 30 қыркүйегіне дейін жалғасады.

Pkrezerv.gov.kz https://pkrezerv.gov.kz/ сайттында тіркеліп, өтінім бере аласыз, ол үшін қолданыстағы

электронды-цифрлы қолтаңба (ЭЦҚ) болуы қажет.

Профильді Жеке кабинетте толтыру және электронды-цифрлы қолтаңбамен (ЭЦҚ) қол қою керек.

Қажетті құжаттарды жүктеу: жеке куәлік көшірмесі, жоғары білім туралы дипломдардың көшірмесі, еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі, мемлекеттік тілді меңгергені туралы Сертификат.

2021 жылғы 2 қазан мен 25 желтоқсан аралығындағы уақытта іріктеу кезеңдері өтеді.

«Егемен-ақпарат»

### «Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпаздары марапатталды

Отбасы күні қарсаңында Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен онлайн форматта «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының лауреаттарын марапаттау рәсімі өтті.

Орынбек ӨТЕМҰРАТ, «Egemen Qazaqstan»

Іс-шараға Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның төрайымы, Парламент Мәжілісінің депутаты Лаззат Рамазанова, Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері қатысты.

Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев салтанатты

басшысының құттықтауында.

Биыл аталған конкурсты өткізудің жаңа тәсілдері енгізілгенін айта кеткен жөн. Соған сәйкес енді жыл сайын республика бойынша 17 үздік отбасы анықталады. Осы жылы өңірлік конкурстық комиссияларға барлығы 2 768 өтінім түсті. Жаңа ережелерге сәйкес өтінімдер тек отбасылардан ғана емес, заңды тұлғалардан да қабылданды.

Іс-шара соңында Мемлекет басшысының атынан лауреат отбасыларға естелік сыйлықтар табысталды.

жүзеге асырылып жатқан «Аңсаған сәби» бағдарламасының және баласыз отбасыларды мемлекеттік қолдау шараларының өзектілігін алға тартты.

Ал Түркістан облысынан лауреат болған Жамаловтар отбасы өңірде ауыл шаруашылығын белсенді дамытып жатыр екен. Биыл ерлі-зайыптылардың шаңырақ көтергеніне 30 жыл толыпты. Отағасы Асылбек Тұрсынбайұлы «Біздің отбасымыз – ел Тәуелсіздігінің құрдасы!», дейді.

Бұған қоса Отбасы күні қарсаңында елордада Айдос Нұрбаев пен Арай Сапарғалиқызы неке куәлігін алды. Айдос – жеке кәсіпкер, Арай – жетекші инженер-жобалаушы. «Бұл байқау – біз үшін жақсы белгі! Көпшілік



рәсімді ашып, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын оқып берді. Онда байқаудың өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі және отбасылық құндылықтарды нығайтудағы маңызды рөлі айтылған.

«Мен Қазақстандағы әр шаңырақ берік болып, әрбір әулет бақытты ғұмыр кешкенін қалаймын. Сол үшін отбасы саясатына баса мән беремін. Ұрпақтың бойындағы адамгершілік пен адалдық, еңбекқорлық пен мейірімділік, ұлтжандылық пен отаншылдық сияқты асыл қасиеттердің бәрі, ең алдымен, отбасында қалыптасады. Қазақ – қашанда ата-ананы сыйлаған, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білген жұрт. Қазіргі жаһандану заманында рухани құндылықтарды халқымыздың өмір салтына айналдыру – аса маңызды міндет. Жыл сайын «Отбасы күніне» орай өткізілетін ұлттық конкурс бұған зор үлес қосуда. Оның, әсіресе, жастар үшін берер тағылымы мен тәлім-тәрбиесі зор», делінген Мемлекет

Өз кезегінде жеңімпаз отбасылардың мүшелері әсерімен бөлісіп, осындай қолдау көрсетіліп жатқанына ризашылығын білдірді. Алдымен сөз алған Ақмола облысындағы көпбалалы отбасының отағасы, қандағайын Құрмет Нұрсұлтан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа қандастарды қолдағаны және педагогтердің мәртебесін көтергені үшін алғыс айтты.

Солтүстік Қазақстан облысынан лауреат болған Крейдун отбасы – бес баланы асырап алып, тәрбиелеп отырған үйлесімді және тату отбасының үлгісі. Марапаттау кезінде Инна Крейдун отбасымен бірге басқа да отандастарымыз сияқты Қазақстандағы ауылдардың өркендеуі мен дамуы үшін барлық күш-жігерін салатынын атап өтті.

Алматы қаласының дәрігерлер әулетінің өкілі, «АСТАНА ЭКОЛАЙФ» ЭҚҰ медициналық орталығының бас директоры Аймағұл Ахметова Мемлекет басшысының бастамасымен

үлгі алып, бой түзегісі келетін өнегелі отбасылардың ортасынан табылғанымызға қуаныштымыз», деп жас жұбайлар ағынан жарылды.

Ұлттық конкурстың 2016 жылғы жеңімпазы Ақтөбе облысынан Нұсқабаевтар отбасының өкілі Қайрат Нұсқабаев бұл байқау отбасы мүшелеріне үлкен жауапкершілік жүктегенін айтты. Ол «Осы жоғары мәртебені абыроймен сақтау – біздің парызымыз», дей келе жеңімпаз отбасылар мен жас жұбайларға бақыт пен амандық тіледі.

Ел Президенті атынан лауреат отбасыларға естелік сыйлықтарды өңірлердің әкімдері табыс етті.

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы Елбасының бастамасымен 2013 жылдан бері өткізіліп келеді. Байқаудың мақсаты – отбасы институтын, отбасылық құндылықтарды нығайту, бала тәрбиесіндегі ата-аналардың жауапкершілігін арттыру, үлгілі қазақстандық отбасын насихаттау.